

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет Істері жөніндегі агенттігі Төрағасының 2009 жылғы 21 қазандағы N 02-01-02/185 Бұйрығы.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабын іске асыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Төрағасы келесі бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын:

1) 2000 жылғы 6 қыркүйектегі N 02-1-7/121 "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N А-242 бұйрығына толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1266 тіркелген);

2) 2001 жылғы 25 желтоқсандағы N 02-2-4/179 "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N А-242 "Мемлекеттік әкімшілік лауазымдардың санаттарына үлгілік біліктілік талаптары туралы" бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1741 тіркелген);

3) 2002 жылғы 16 қыркүйектегі N 02-2-4/129 "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі Төрағасының 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N А-242 "Мемлекеттік әкімшілік лауазымдардың санаттарына үлгілік біліктілік талаптары туралы" бұйрығына толықтырулар енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2004 тіркелген).

2. Мемлекеттік қызметті құқықтық қамтамасыз ету департаменті (Хайдаров А.Ш.) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне белгіленген тәртіппен жіберсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

Қ. Нұрпейісов